

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2024 жылдың 8 айындағы таза инвестициялық кіріс зейнетақы жарналарының көлемінен асып, 1,92 трлн теңгеге жетті

2024 жылдың 8 айында қазақстандықтардың таза инвестиациялық кірісі шамамен **1,92 трлн** теңге болды. Өткен жылдың сәйкес кезеңдегі көрсеткіштен ол **883,05 млрд** теңге немесе **85,3%** артық.

Бұл ретте міндettі зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндettі кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен салымшылар мен алушыларға **1,91 трлн теңге мөлшерінде** кіріс түсіп, 1,78 трлн теңге болатын жарналар көлемінен асты.

Тек 2024 жылдан бастап аударыла бастаған жұмыс берушінің міндettі зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) бойынша таза инвестиациялық кіріс 8,5 млрд теңге болды. Жарналардың бұл түрінен қалыптасқан жинақ көлемі - 140,2 млрд теңге.

2024 жылдың 8 айында БЖЗК-дағы міндettі зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндettі кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен қалыптасқан зейнетақы активтерінің кірістілігі осы кезеңдегі инфляция 5,3% болған кезде 10,34% көрсетті.

2024 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша БЖЗК-ның жұмыс берушінің міндettі зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерінің кірістілігі – 8,52%.

Қордың зейнетақы активтерінің соңғы 12 айдағы кірістілігін қарастырсақ, 2024 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша инфляция 8,40% құраганда ол 13,79% болды.

Инвестициялық кіріс қаржы құралдары (бағалы қағаздар, салымдар және басқа операциялар) бойынша сыйақы түріндегі кірістерден, қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалаудан, сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістерден және т. б. тұрады. ҚР Ұлттық Банкі және инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) инвестициялық портфельді үнемі әртаратандырып отырады. Яғни, зейнетақы активтері түрлі қаржы құралдарына, валюталарға инвестицияланып, нарықтағы жағдайға қарай үнемі қайта бөлініп орналастырылады. Қордың enpf.kz сайтына ай сайын орналастырылатын ҚР Ұлттық Банкінің инвестиациялық қызметіне жасалған [шолуда](#), 2024 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша кірістер құралдардың барлық түрлері бойынша алынғандығы көрсетілген.

Ұзақ мерзімді кезеңдегі жинақталған инвестициялық кірістілік те инфляциядан асып түсті. 1998 жылды жинақтаушы зейнетақы жүйесі құрылған сәттен бастап 2024 жылғы 1 қыркүйекке өспелі қорытындымен жинақталған кірістілік бүкіл кезеңдегі инфляция 799,59% болғанда, 911,20% көрсетті.

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстанда инфляция деңгейін ескере отырып, міндettі зейнетақы жарналарының сақталуына бірегей кепілдік бар. Төлемдер құқығы басталған кезде салымшының жинақталған кірістілігіне әсер еткен жекелеген кезеңдегі кірістіліктің төмендеуі кезінде де айырмашылықты өтеуге мемлекет кепілдік береді.

Зейнетақы активтерін инвестиациялық басқару мен есепке алуудың барлық жүйесі ашиқ: әрбір салымшының enpf.kz сайтындағы немесе ұялы қосымшадағы жеке кабинетінен өзінің инвестиациялық кірісін көруге мүмкіндігі бар.

БЖЗК зейнетақы активтерін инвестиациялық басқару және олар орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат Қордың (www.enpf.kz) ресми сайтындағы «Көрсеткіштер/Инвестициялық қызмет» бөлімінде жарияланады.

Көптеген маңызды және пайдалы ақпаратты, соның ішінде жинақтаушы зейнетақы жүйесі сарапшыларының зейнетақы активтерін инвестициялау туралы сұхбаттарын - БЖЗК ЕНПФ YouTube-арнасынан көруге болады.

БЖЗК 2013 жылды 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктарінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген отемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).